

## Мемлекет қатысатын "Монтажспецстрой" акционерлік холдинг компаниясы туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 18 қараша 1993 ж. N 1155. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.06.13. N 736 қаулысымен.

Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған Ұлттық бағдарламасына сәйкес "Монтажспецстрой" акционерлік холдинг компаниясының қызметін мемлекеттік реттеуді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1992 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің бастамасы бойынша бұрынғы "Қазмонтажспецстрой" концернінің кәсіпорындары мен ұйымдары негізінде құрылған "Монтажспецстрой" акционерлік холдинг компаниясын мемлекет қатысатын, аралас сипаттағы қызметі бар және мамандандырылған үлгідегі "Монтажспецстрой" акционерлік холдинг компаниясы етіп (бұдан былай - Компания) қайта құру орынды болады деп саналсын.

2. Компания қызметінің негізгі бағыттары: Компанияның жарғысына сәйкес монтаждау өндірісін дамыту, оны көп салалы ету және коммерцияландыру; ірі-ірі құрылыс бағдарламаларын жүзеге асыруға қатысу, күрделі құрылысты инвестилендіру үшін қаржы ресурстарын шоғырландыру, контракт бойынша құрылыс салуды енгізу, республиканың монтаждау жұмыстары мен көрсетілетін қызметтер, металл конструкциялары жөніндегі мұқтажын қанағаттандыру, Компанияның кәсіпорындары өндіретін өнімдерді экспортқа шығаруға арналған квоталарды әзірлеу және лицензияларды келісіп алу, олардың сыртқы экономикалық қызметін үйлестіру және тұрақты пайда алынуын қамтамасыз ету міндеттерін шешу деп анықталсын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті 1994 жылдың 15 наурызына дейінгі мерзімде:

Компаниямен бірлесіп кезекті жиналыстарда Компанияның акционерлік қоғамдарына "алтын акцияны" енгізсін. "Алтын акцияны" ұстаушы органның құқығын Компанияның басқармасына табыстайтын болсын;

холдинг компаниясының құрамына қосымша енгізілетін акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін және мемлекеттік

кәсіпорындардың мүлкін Компанияның жарғылық қорына беретін болсын;

мүдделі министрліктер мен ведомстволардың келісуі бойынша және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 14 шілдедегі N 606 қаулысына сәйкес Компанияның Байқау кеңесіне (Акционерлер кеңесі) осы органдардан мемлекет өкілдерінің кандидатурасын анықтасын;

Компанияға "алтын акцияны" енгізсін және оның президентіне Компанияның Байқау кеңесі мен акционерлер жиналысында мемлекеттің мүдделерін білдіру ("алтын акция" атынан дауыс беру) тапсырылсын.

4. Компания "Монтажспецстрой" акционерлік холдинг компаниясының мүліктік құқықтары мен міндеттерінің құқылы мұрагері болып табылады және Қазақстан Республикасының заңдары мен өзінің жарғысы негізінде іс-әрекет жасайды деп белгіленсін.

Компанияның тұрақты орналасатын мекен-жайы Алматы қаласындағы Абай даңғылы, 10-А деп белгіленсін.

5. "Монтажспецстрой" акционерлік холдинг компаниясының басқармасы құрылтайшылармен бірлесіп осы қаулыдан туындайтын қажетті өзгерістер мен толықтыруларды Компанияның жарғысына енгізетін болсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі